

100 жыл Бердібек СОҚПАҚБАЕВ

# «БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ»

халықаралық ғылыми-көпшілік конференция

**ЖИНАҒЫ**

УДК 821.0
ББК 83.3
З-96

«БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ» халықаралық ғылыми-көпшілік конференция жинағы. «Biik» баспаханасы. 28.11.2024. 186 бет.

ISBN 978-601-81161-6-2

Бердібек Соқпақбаев шығармашылығы – өзіндік сырлы бояуы айқын, көркемдігі басым шыншыл шығармашылық. Балаларға арналған шығарма жазып, балалар жазушысы атанғанымен, оның әңгіме-повестерін жас пен кәрінің бәрі бірдей сүйіп оқиды. Тіліндегі ойнақылық, езу жиғызбас юмор, кейіпкерінің ұшқыр қиялшылдығы, тапқырлығы мен тентектігі, ең бастысы автордың да, кейіпкердің де адамға деген шексіз махаббаты сияқты факторлар – Бердібек Соқпақбаев шығармашылығының басты қасиеттері.

Қолдарыңыздағы ғылыми-көпшілік конференция жинағында көрнекті жазушы Бердібек Соқпақбаевтың әдеби мұрасы туралы зерттеу мақалалар топтастырылған.

УДК [illegible]
ББК [illegible]

ISBN 978-601-81161-6-2

Шымкент қаласы мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер [illegible]
Әл-Фараби атындағы қалалық ғылыми-әмбебап [illegible]

**ОРДА**
**Гүлжаһан Жұмабердіқызы**
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Тәуелсіздік дәуірдегі әдебиет және көркем публицистика бөлімінің меңгерушісі, филол.ғ.д., проф.



# ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНІҢ КЛАССИГІ

Бердібек Соқпақбаев Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын, кейіннен Мәскеуде Жоғары әдеби курсты бітіргеннен кейін, еңбек жолын ауыл мектебінде бала оқытумен бастаған. Әдебиетке поэзиямен келген ақынның балаларға арналған өлеңдері «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері», «Пионер» басылымдарда басылса, «Бұлақ» атты тұңғыш жыр жинағы 1950 жылы жарық көрді. Әдеби ортаға келіп «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Балдырған» журналында, Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында істеген жылдары шығармашылық адамдарымен жақын араласып, өзінің де шығармашылықпен айналысуына жол ашты. Қазақстан Жазушылар одағында балалар әдебиеті жөніндегі әдеби кеңесші болғандықтан, 20-дан астам әңгіме, повесть, романдарының біразы балалар мен жасөспірімдерге арналған. «Менің атым Қожа» («Өзім туралы повесть»), «Балалық шаққа саяхат», «Аяжан», «Бозтөбеде бір қыз бар», «Он алты жасар чемпион», «Жекпе-жек», «Бақыт жолы» повестері жасөспірімдерге, «Өлгендер қайтып келмейді», «Қайдасың, Гауһар» ересектерге арналған классикалық туындыларында өзі өмір сүрген дәуірдің көркем шежіресін жасады.

Өмір шындығын шынайы бейнелегендіктен Бердібек Соқпақбаевтың 1957 жылы жазылған «Менің атым Қожа»

хикаяты қазақ балалар әдебиетінің озық туындысы ретінде бағаланды. Ол орыс, украин, француз, литва, латыш, өзбек тілдеріне аударылып, 1963 жылы «Қазақфильм» студиясы осы кітап бойынша жазылған киносценарийді экранға шығарды. Шығармалары КСРО халықтарының және шетелдердің көптеген тілдеріне аударылып, сахналық, экрандық нұсқаға айналған «Менің атым Қожа» туралы жазушы былай дейді: «Повесть Алматыда біраз қиналыспен басылды. «Балаларға бұл кітап қандай тәрбие бермек?»,-деп алая қарағандар аз болған жоқ. Орысша қолжазбаны баспа өзіме қайтарып берді. «Қожаның» тұсауын Москва кесті. Кино түсірілді. 1967 жылы Канн фестивалінде бас бәйгені жеңіп алды».

Жазушының «Менің атым – Қожа» повесі алғашында протестік шығарма деп танылып, алдымен орыс тіліне аударылып, кейін ғана қазақ тілінде басылған. Хикаятта 1950 жылдардың орта тұсындағы қазақ ауылдарының біріндегі кеңес халқының тұрмыс-тіршілігі бейнеленген. Себебі шығарманың бас кейіпкері Қожа – 1940 жылдардың басында дүниеге келген, әкесі Отанды жаудан қорғауда шейіт болған жетімек. Соғыс өрті қазақтың әрбір шаңырағын шарпығаны, бір әулеттен қалған бір балалардың тағдыры бізге тарихтан да, әдебиеттен де таныс. Олай болса, Қожа – қырқыншы жылдары дүниеге келіп, әке мейіріне қанбаған, өмір бойы әкенің жылы алақанын сезіне алмаған, әкеге деген сағынышпен сарғайған ұрпақтың өкілі.

Хикаятта Қожаның мектеп жасындағы бастан кешкен әр түрлі қызықты оқиғалары өз аузымен, бірінші жақтан баяндалады. Шығарманың оқырманын ә, дегеннен баурай кететіндігі – оның бірінші жақтан жазылғандығында. Сондықтан оқырман негізгі кейіпкермен бетпе-бет келіп, онымен сырласа алады. Өз есіміне ғана емес, болмыс бітіміне көңілі толмай, ренішпен қарайтын қиқар



кейіпкеріміздің ойы да, ісі де, сөзі де қызғылықты баяндалған.

«Менің атым Қожа. Көріп отырсыңдар, пәлендей әйдік ат емес. Шынын айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген екен. Туу куәлігінің өзінде солай деп жазылған. Бірақ дүниеде не қилы ғажайып құбылыстар бола беретіні тәрізді, бертін келе Қожабергеннің «құйрығы» үзіліп түсіп қалыпты. Бұл құбылыстың дәл қай жылы, қай айда, қай күні болғанын тап басып ешкім де айтып бере алмайды», – дейді Қожа. Көріп отырғанымыздай, қазақ халқы ат қоюға да шебер. Азан шақырып қойған атың құжаттың бетіне түскен соң, оны қалай өзгертсең де өз еркің. Оның да бірнеше себебі бар. Біріншіден – ұзақ есімдерді қысқартып айтудан туса, екіншіден – қайынata, қайынаға, қайынапа, қайынінi, қайынсіңлілерінің атын атамайтын келіндер оларға өздері ат қойып алады. Ол әрбір адамның жеке ерекшелігіне, қызметіне, мінезіне, жүріс-тұрысына, не болмаса есіміне байланысты өзгертілуі де мүмкін. Міне, осындай қажеттіліктердің бірінен Қожабергеннің де есімі өзгеріп сала берген. Оның бір жаман жері – құжаттағы есімің атаусыз қалып, күллі ауыл-аймақ кейінгісімен атап жіберетіндігі. Олай болса, бұл – қазақ халқында кездесетін жазылмаған заңдылықтардың бірі. Көріп отырғанымыздай шығарманың ұлттық бояуы осылай қалыңдай түседі. Оны Қожаның мына сөзі растайды: «Сонымен, мен өзім ес білгелі Қожамын. Ауыл-аймақтың бәрі солай атайды». Алақандай ауылдан не жасыруға болады. Олар бірінің айтқанын бәрі бірдей қайталайды. Олай болса, Қожа да Қожабергеннен қашан айырылып қалғанын қайдан білсін.

«Жантас тәрізді қылжақтар оның өзін де дұрыс айтпайды, әдейі бұзып, келемеждеп, «Қара Қожа» деудің орнына «Қара Көже» дейді. Мен байқамай қалып «әу!»

деймін. Бірақ бұл қылығы үшін, бейшараның обалы нешік, тиісті сыбағасын менен талай рет алды....»,-деген жолдар біздің кейіпкеріміздің қиқарлығынан хабар береді.

Сонымен бірге ол – әңгімешіл. «Фамилиям Қадыров. Бір кезде «Қадырұлы» деп те жазып жүрдім. Бірақ жұрттың бәрі «ов» болып жатқанда, менің олардан алабөтен жырылып шыққаным жарамас дедім де, «Қадыровқа» қайтып келдім», – деген жолдар кейіпкеріміздің әңгімешілдігін ғана емес, ол өмір сүрген қоғамнан да сыр шертеді. Кеңестік дәуір тұсында әкеміздің, не болмаса атамыздың есіміне орыс тілінің «ов», «ев» жұрнағын жалғап жүрдік. Ол кезде «ұлы» деп жазу «ұлтшылдықтың» нышанындай сезілетін. XX ғасыр басындағы Байтұрсынұлы, Құдайбердіұлы, Міржақыпұлы, Аймауытұлы, Кемеңгерұлы тәрізді қаламгерлердің «халық жауы» болып ұсталып кеткенін білетіндер «ұлы» деп жазудан қорқып, кеңес өкіметімен бірге келген «ов», «ев» жұрнағын қоса қабылдады. Бұл еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана ұмытыла бастады. Қазіргі таңда тәуелсіздік тұсында дүниеге келгендердің барлығы дерлік, әкелерінің, не болмаса аталарының есімдерімен жазылып жүргенін көріп жүрміз. Олай болса, жазушы сол орыс жұрнағы арқылы да көп сырдан хабар берген. Ол кеңестік дәуірдің осындай келеңсіздіктерін әжуа, ащы күлкі арқылы әшкерелеген. Ал біздің комедиялық шығарма деп табылатын хикаяттағы әрбір күлкінің астарында осындай үлкен әлеуметтік жүк жатқанын бүгінгі таңда ғана байқап жатқанымыз жасырын емес.

Осылайша оқырман әр жолды оқыған сайын тосын жаңалыққа кездесіп отырады. Қожаның әке туралы сыры да үлкен мәнге ие. «Ех, қайран әкем! Егер сен тірі болсаң, мүмкін, мен бұдан гөрі басқадай болар ма едім. Кім біледі, жер-әлемді шулатып, сотқар Қожа атанып жүргенім әкесіз жетім өскендігімнен де шығар»,-деген монолог Қожаның



жан жарасын аша түседі. Ол – кешегі Ұлы Отан соғысы жылдары дүниеге келген, әкеден жастайынан жетім қалған, әкеге деген сағынышы басылмаған, әке мейіріміне зәру ұрпақтың өкілі. Шын мәнісінде Қожа бір әулеттен қалған бір тұяқ. Сол үшін де әжесі оның бетінен қақпайды. Барын алдына тосып, жанын қоярға жер таппай жүретін әжесінің еркесі. Әкесі болса, мүмкін көп баланың бірі болуы да ықтимал. Елдің әкесі жоқ жетім деп, оны есіркеп қарайтыны да жасырын емес. Бірақ мұндай мүсіркеулер Қожаны жұбата алмайды. Ол – өзіндік ойы бар, өз ойын жүзеге асыра білетін бірбеткей, қайсар жан.

«Ал күйеу керек пе әйелге? Менінше, әбден керек» деген жолдар Қожаның ақылды бар тентек екенін байқатады. Анасы Миллатқа Қаратайдың сөз салып жүргенін біледі. Егер әкесі болса, ондай болмас еді. Осының бәрі Қожаның жан жарасын тырналай түседі. Анасын да қызғанады, қызғанғанмен не пайда оны да түсінеді. «Егер оның күйеуі, яғни менің әкем тірі болса, Қаратай ұятсыз мамама өзеуреп сөз айтпақ түгіл, оның маңынан жүре алмас еді»,-деп ойлайтын Қожа бәрін де түсінеді, бәрін де біледі. Бірақ амал нешік. Сондықтан да оны кінәлай алмайсыз. Себебі, ол – шарасыз.

Жазушы негізгі кейіпкері жөнінде толыққанды мағлұмат берген соң, оның сырт бейнесімен таныстырады. Бұл шығарманың негізгі ерекшелігі де осында. Жазушы әрбір тарауда бір кейіпкерімізбен толықтай таныстыруға тырысып, ол туралы толыққанды мағлұмат береді. Екінші тарауда орталық кейіпкердің бірі Қаратай туралы мәлімет береді. Күні бойы футбол ойнап қалжыраған Қожа сүйретіліп үйге келе жатыр. Шығарманың шынайылығының өзі осында. Егер Қожа тап-таза мұнтаздай болып жүрсе, көңілге күмән келтірері даусыз. Себебі ол – ауыл баласы. Ауыл баласының күні бойы доп

соңында салақтап, аяғындағы бір елі шаңымен үйге келе жатуы шындыққа жақын.

Немересін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай қызғыштай қорғап өсіретін әжесі мен ауылдың үлкен-кішісінің бәрі бірдей алдынан қия өтпейтін, елге құрметті, үлкен мен кішіге сыйлы Миллат мамасы – үшеуі бақытты өмір сүріп жүргенде оларға төртінші адам келіп қосылады. Ол – көрші колхоздың комбайншысы Қаратай. Әйелі дүние салған қырма сақал жігіттің анасына үйленбекші болғаны үшін Қожа оны жек көреді. Екі бірдей сайлауда қатарынан аудандық советке депутат болып сайланған Қожаның анасы аналардың ақылдысы, сүйкімді де сұлуы. Еңбекте озат, ауылда үлгілі, үй мен түздің шаруасын қатар атқарып жүрген, әке орнына әке, шеше орнына шеше болып жүрген анасын ол қалайша Қаратайға қимақ. Анасын бөтен адамнан қызғану – бала біткеннің бәріне тән қасиет. Бұл – өмір заңы.

Қожаның мотоциклді теуіп қалуы – «Таз ашуын тырнадан аладының» кейпі. Қаратайды жақтырмаған бейбақ, оған тисе алмасын білген соң, оның мотоциклін теппегенде не істейді. Мұның бәрі – анасына деген қызғаныштың белгісі. Қожа анасын Қаратай түгілі одан жас жігітке де бермек емес, оған күйеу не керек, әжесі үшеуі онсыз да бақытты емес пе? «Жоқ менің мамам күйеуге шығуы мүмкін емес. Ол бізді ешуақытта та тастамайды. Ол ақылды, тәрбиелі адам», – деген жолдар бала ойынан хабар берер деталь. Себебі оның ұғымында ақылды әйел күйеуге шықпайды. Бұл – әрине бала түсінігі.

Автор әр тарауда не туралы айтатынын алдын ала ескертеді де сол туралы мәлімет беріп отырады. Үшінші тарауда кейіпкер өз ойынан хабар береді. Сонымен бірге мұнда құмдағы із жайлы сөз болады. Оның сыныптасы Жанар мен ұстазы Майқанова туралы пікірі қызық-ақ. Бұл



тарауда арманшыл, қиялшыл Қожаның болашақта үлкен жазушы болғысы келетініне ғана емес, Жанар жайлы тәтті қиялына кенелеміз. Әсіресе, су жағасындағы құмдағы ізді Жанардың ізі болар деген кездегі жан тебіренісі нанымды суреттелген. Жазушының жасөспірім баланың жан дүниесін дұрыс түсіне білгендігі – психологизмді еркін игергендігінің белгісі.

Қожамен бір сыныпта оқитын Жантас Қожаны үнемі «Қара көже» деп мазақтап, өзін одан жоғары санайды. Білімі де, күші де Қожадан әлсіз болғанмен Жанарды ұнатқаны үшін Қожамен бақталас болып жүретін Жантастың да өзіндік ерекшеліктері жетерлік. Сонымен бірге оқиғаға Жақанов, Сүттібайдың үлкен баласы Сары Қожа тәрізді Қожаның сыныптастары қатысады. Жантасқа пионер лагеріне баруға жолдама беріліп, Қожаға берілмеуі, оның шақ-шәлекей ашулануы үстінде шығармаға арқау болған оқиға шиырлана түскен. Оқырман Қожаны кінәлай алмайды, себебі оған Жантас тәрізді жылпостар өздері келіп соқтығысады.

Қожа мен Жанардың дойбы ойнауы және оның ұшқыр қиялы туралы сөз болған тұста олардың бейнелері сомдала түседі. Сыныптағы ең бір ақылды, сұлу қыз болып есептелетін Жанардың ән салатыны тағы бар. Әдемі даусымен ән салып, басына үкілі тақия киіп, мың бұралып «Қамажайға» билейтін өнерлі қыздың қиқар Қожаға болысып, оны арашалайтыны да қызық бейнеленген. Қожа Жанар үшін қабаған иттің жанынан өтуге, мияулауға, шарбақтан секіруге де әзір. Себебі, бұл – қиқар баланың бойын билеген Жанарға деген белгісіз сезімнің құдіреті еді. Бір қарағанда ұсақ-түйек тәрізді көрінетін әрбір деталь мен штрихқа ерекше көңіл бөлу арқылы жазушы Қожа жанындағы үлкен сезімдерді нанымды бейнелеген.

Қожаның ұшқыр қиялы мектеп бітіріп, жоғары оқу орнында жүрген Жанарға жазылған құлаш-құлаш өлеңмен де бітпей, Отан қорғау борышын өтеп, ауылға Совет Одағы Батыры болып оралады. Сол кезде мектеп директоры Ахметовке айтып Майқанованы жұмыстан босаттырса, одан артық не арман бар. Майқанова сол кезде Қожаға лагерьге жолдама бермегені үшін ұялар, кешірім сұрар. Бұл үзінді «Бір атым насыбайдан көңілі қалатын» қазақтың бала көңіліне онша мән бермейтіндігін байқатады. Жазушының тапқырлылығы да осында. Бала да адам ғой, ода да көңіл бар, сезім бар. Он екі жасында бойы бір жүз отыз тоғыз сантиметр болған Қожаның оқу бітіріп, ер жеткен соң, университетке түсуді, жазушы болуды армандайтыны оның болашақта үлкен жазушы болатындығынан хабар бергендей. Себебі, ол бос қиялшыл емес. Оқырман ұстазының сөмкесіне бақа салатын, сыныптасын сиялы рогаткамен ататын, балыққа барып көршінің ауын «ұрлайтын» Қожаны бәрібір жамандыққа қимайды.

Қожа мен әжесі екеуінің адамның маймылдан жаралуы туралы айтысына да үлкен мәселе негіз болған. Бұл – біріншіден, кеңестік дәуірдегі атеистік тәрбиеден хабар берсе, екіншіден, сол қиялға балалардың имандай сенетіні. Себебі, оны мұғалімдер айтады. Мұғалімдердің сөзіне имандай сену керек, олар өтірік айтпайды деген көзқарас – кеңестік дәуірдің ұстанымы. Бір қарағанда Қожаның әжесі ескінің сарқыншағындай әсер береді. Автор әженің аузымен бірнеше рет «Алла» сөзі мен Мұхамед пайғамбардың есімін атайды. Осы арқылы көне көз қарияның аузымен қоғамда болып жатқан бассыздықтарға тосқауыл іздейді. Атеизм – қазақ халқына кеңестік идеология алып келген трагедия. Осылайша әрбір күлкінің астарына үлкен әлеуметтік ой сыйғызған жазушы



қоғам, заман кемшіліктерін жеңіл юмормен әшкерелеуге болатынын көрсетті.

Қожаның жан досы болып саналатын Сұлтан – оқырманның есінде ұзақ сақталатын кейіпкер. Қожадан екі-үш жас үлкен арық жігіттің жылқышы әкесіне көмектесе жүріп, жаман қылықтарға әуестігі оның оқуды тегіннен-тегін тастап кетпегендігін айқындап тұр. Сұлтан – жылқышы әкесінің арқасында бұрынғының сал-серілері тәрізді сәйгүліктен сәйгүлікті таңдап мініп, ылғи жортуылдап жүретін жан. Сол сері Сұлтан Қожаны жайлауға өзімен бірге ала кетеді. Қожаның қалтасынан шыққан он сомға жолға керек-жарақ алған Сұлтан жолда оған темекі тартуды үйретпек болады. Жазушы темекі түтінін ішіне тартқан кездегі Қожаның жай-күйін оқып отырған балалардың ешқайсысы да темекіге жоламайтындай әсерлі бейнелеген.

Келесі тарауда жаңа кейіпкер қойшы Жұмағұлдың баласы Дәулетпен танысамыз. Жасы он бір-он екі шамасындағы Дәулеттің қылығы «Балалы үйде ұрлық жатпайды» деген халық даналығына жан бітіргендей. Жұмекең айтты дегенге сенген аңқау бала үйіндегі қымызын да, етін де Сұлтан өтірікшінің алдына жайып салады. Дәулетті бір сомдық ақшамен алдап ұрған Сұлтан оның бермесін тартып ішіп, үйінен сыздаған қарнын сипап ыңыранып шығады. Дәулеттің мінез-құлқын шынайы суреттеген жазушы балалардың психологиясын шебер игерген кәнігі суретші ретінде танылады. Үйіндегі барын бергені аз болғандай, беліндегі қайыс белдігін қоса бергісі келіп тұрған Дәулет ауылдың аңғал балаларының жиынтық бейнесі ретінде танылады.

Жайлаудағы шопандар тойындағы бәйге, ұлттық ойындар және басқа да ойын-сауық түрлері шығарманың ұлттық бояуын қалыңдата түседі. Екі-үш күнге созылып, шілде айында тойланатын шопандар мерекесі негізінен

жайлауда өтетін болған. Кеңестік дәуір тұсында мал шаруашылығымен айналысатын ауылдарда шопан той, егін шаруашылығымен айналысатын ауылдарда сабан той дегендер жыл сайын міндетті түрде аталып өтетін. Мұндай тойлардың негізгі мақсаты – біріншіден, еңбекшілердің еңбегін бағалау болса, екіншіден, ұсақ-түйек сыйлықтар арқылы оларды еңбекке ынталандыру. Сұлтан мен Қожаның белдесіп күресетіні – жайлаудағы осындай кезекті шопан тойлардың бірі. Осы той үстінде Қожа анасын тағы да жерге қаратады. Әрине өз кателігі үшін емес, ауылдан атына мінгестіріп жайлауға алып келген сері досы Сұлтанның жырындылығы үшін.

Хикаятқа бір ауылдың тұрғындары қатысатындықтан мұнда әртүрлі кәсіп иелері бар. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі, сыныптың жетекшісі Сәбира Майқанова адамгершілігі мол, ақылды болғанмен, тәжірибесі аздау ұстаз ретінде танылады. Орыс тілі пәнінің мұғалімі Анфиса Михайловнаның Қожаның ойынша «мұғалімдердің ішінде – алтын адам» болып есептелетіні ол – тәжірибелі ұстаз. Мектеп күзетшісі Сәйбек карт – Қожаның әкесі Қадырдың досы. Қазақта «Әкең өлсе де, әкеңнің көзін көрген өлмесін» деген аталы сөз бар. Сәйбек карт осы мақалға жан бітіріп, оқырманға қайта ұсынған кейіпкер. Әкесін жақсы білгендіктен ол Қожаның жанашыры ретінде танылады. Сондықтан ол Қожаға үнемі ақыл-кеңес айтып жүреді. Оның ұғымындағы Қадырдың баласы жақсы болуға тиіс. Сол себепті ол Қожаның келеңсіз қылықтарын балалықтың белгісі ретінде қабылдайды. Сондай жанның бірі – зоология пәнінің мұғалімі. Кезінде әкесінің жан досы болғандықтан ол да Қожаны өз баласындай жақсы көретін кейіпкер.

Жазушы оқиғаға тікелей араласатын Қожа, анасы Миллат, әжесі, Қаратай, Сұлтан, Жанар, Жантас тәрізді кейіпкерлерін типтік дәрежеге көтерген. Хикаят



жеткіншектер мен жасөспірімдерді өмірмен күресе білуге, өзін қайта тәрбиелеуге шақырады. Жазушы қиқар балалардың да бойында жақсы қасиеттердің мол болатынын Қожа бейнесі арқылы дәлелдеп берді. Мұнда қиырда жатқан бір қазақ ауылындағы өмір шындығы бір дәуірде өмір сүрген кейіпкерлер арқылы көркем шындыққа айналды.

Бердібектің «Пионер» журналындағы «Өзім туралы повесть» туындысын оқығаннан кейін «жазушы болсам-ау» деп армандаған К.Сегізбайұлы «Менің атым Қожа» туралы былай дейді: «Менің атым Қожаны» – қазақ әдебиетіндегі, оның ішіндегі балалар әдебиетіндегі үлкен құбылыс деп білу керек. Классикалық деңгейде жазылған соншама қарапайым, соншама өміршең, соншалықты бала жанын дәл түсініп жазылған шығарма – «Менің атым Қожаны» оқығанда әркім өзінің балалық шағын көзіне елестетіп отырады [1, 264].

«Балалық шаққа саяхат» шығармасының жазылуы жөнінде жазушы былай дейді: «...Сегіз жасымда, бірінші класта оқып жүріп, шешем өліп, жетім қалдым. Колхоздастырудың алғашқы жылдары, ең қиын кез. Содан соңғы басымнан кешкендерді ойлай бастасам, осы күннің өзінде жүрегім қақ айырыла жаздайды. Япыр-ау қалай тірі қалдым, осы өмірге қалай жеттім? Нағыз, итжандының өзі екенмін-ау деп таңданам. «Балалық шаққа саяхат» повесі, міне, осы толғаныстан туған дүние. Ондағының бәрі де шын, бәрі де болған. Тек біраз адамдардың аты-жөнін өзгертуге тура келді. Өйткені мен оларды дәріптеп жазып отырған жоқпын. Кейбірінің қазір көзі тірі, кейбірінің бала-шағасы тірі» [2, 23]. Бердібек те өз замандастары тәрізді ел басына күн туған ауыр кезеңдерді басынан өткерді, жетімдіктің бар ауыртпалығын арқалай жүріп ер жетті.

Повесть өз ішінен бірнеше тақырыпқа жүйеленіп, әр тақырыпқа шағын оқиғалар арқау болған. «Үзік-үзік суреттер» аты айтып тұрғандай, кейіпкердің есінде қалған балалық шақтағы үзік-үзік суреттерінен құралған. Ауылға кірген атты әскерден, «бәлшәйбек», «социализм», «комсомол» деген сөздерден кеңес өкіметін құрылғанын білсек, «кәмпеске» ауқатты және орта шаруалардың мүлкін тәркілеуді еске түсіреді. «Жұрт колхоз болады. Бір қазаннан ас ішіп, бір көрпенің астында ұйықтайды» дегені – ұжымдастырудың ел өміріне кіре бастаған шағы. Бірінші жақтан баяндалған оқиғалардың авторы – біздің кішкентай кейіпкеріміз. Оның шалғыға табанын сойып алып киізбен күйдіруі, ортада жанып тұрған отқа құлап, күймей аман қалуы, Ұштағы оқытушы Сатылғаннан әріп танып сабақ оқуы – бала күннен еміс-еміс есте қалған естеліктер. Іле өзенінің басындағы Текестің жағасындағы Қостөбе ауылындағы коллективтендіруден кейін малсыз қалған ауыл адамдарының аштыққа ұшырауын, малдан айырылуын автор былай суреттейді: «Ауылдың дәл қасындағы түбекшеге тұсап қойған тор ат бір күні тұсауымен Текеске түсіп, өліп қалыпты. Ішіне су толған, қарнын қампитып бірнеше адам жағаға сүйреп шығарды. Мал иелерінің сондағы боздап жылағанын көрсеңіз. Шал да, Мұхамеди де, әйелдері де, тіпті кішкентай Садық та мал емес, ең бір аяулы жақын адамдары өлгендей көздерінің жасы көл болып, еңіреп жүр. Қазаққа малдың қаншалық жақын екенін мен сонда білдім. Бір үйдің бүкіл үміт тіршілігі, күн көрісі торы атпен қоса өлгендей еді» [3, 443]. Бір отбасының тіршілігінен келтірілдген мысал сол тұстағы күллі қазақ ауылының басынан өткерген жағдай екенін еске алатын болсақ, шағын көркемдік детальдарға көп мағына сыйғызғаны аңғарылады.

Естелік иесі кішкентай кейіпкеріміз отбасы мүшелері: әкесі Ыдырыс, шешесі Әсбет, тәтесі Смағұл (әкесінің



інісі), ағайы Сатылған және әңгімеші Беркен. Отбасы мүшелерінің таңғы асқа қайнаған ақ су ішіп, ортадағы тостағандағы қара талқанды жұмыскер қасықпен шыр айналдырып оразасын ашып отырғанынан олардың әлеуметтік тұрмысын көруге болады. Ағасы Сатылған Қолтық дейтін жерден үш класс оқып келгені болмаса, бұл отбасында оқуды білетін адам жоқ. Үйге келген ауыл совет хатшысы Ұзақбай, ауыл мектебіне келген дембелше толық денелі ақсары жігітті мұғалім деп таныстырды. Екеуінің таң атпай жүргендегі шаруасы ашылатын мектепке бала жинау екен. Сегізге толған жылы бұл да Қостөбедегі мектепке баратындардың тізіміне енді. 1933 жылы Киікбай ауылындағы бұрынғы мешіт бірінші сентябрьден бастап балаларға мектеп болып ашылды. Балаларды мектепке айдап алып келетін – бригадир Нұрғазы болса, мұғалім – Сағатбай Хасенұлы еді. Балалардың Найза, Киікбай болып екіге жарылып төбелесуі – рушылдықтың көрінісі болса, «бірінші бригада», «екінші бригада» деп атау – жаңа заманмен келген жаңалық еді. Бұл – ел өмірінен алынған өмір шындығы.

Кластың старостасы Жүнісбай, тазалық секторы Майра туралы тарауларда автор олар жөнінде толығырақ мәлімет беруге тырысқан. Көпекбайдың еңбекқор баласы Бәзіл, сыныбының старостасы Жүнісбай, музыкант Қожақан сынды жоқшылықпен қаскыр болып өскен үш баласын соғыс жалмауынан ҰОС-ның қазақ даласына салған қасіретін сезуге болады. Класының тазалық секторы болған Майраның олардың қол, құлақ, мойындарын күнде тексеріп, күс басқан қолдарды талай рет сабаққа кіргізбей қуу бәріміздің де балалық шағымызды еске түсіретіні даусыз. Олай болса, жазушы әр кейіпкерін типтік бейнеге көтере білгенін байқаймыз. Қырманның шетіндегі үйме сабанды төсек етіп жататын

қырманшы балалар, колхоздың [illegible] көмектесетін мектеп оқушыларының [illegible] тұлыққа жегілген Жылқыбайдың [illegible] Жылқыбайдың қаніпезерлігі, нанымды [illegible]

Отызыншы жылдарда колхозға кірген [illegible] Ыдырыстың үйінің тұрмысы мынадай [illegible] тәуір мүліктер біздің үйде неге жоқ деп [illegible] болатын едім. Самауыр неге жоқ? [illegible] жоқ?» [3, 484]. Ыдырыс қанша сылбыр [illegible] Смағұл – пысық, өнерлі, жеңгесінің көме[illegible] бәрі келетін епті жігіт. Сатылған [illegible] жылдары Қолтықта ашылған мектеп[illegible] бітірген көзі ашық жігіт. Інісін білімге [illegible] тәрбиелейтін Сатылғанның ҰОС-нан орал[illegible] «Өлгендер қайтып келмейді» роман[illegible] Сәрсебек Мамырбаев екенін жазбай таны[illegible]

«Шешем жайлы» тарауында оқуға [illegible] «Менің жаным үлкейгенде өкімет[illegible] отыратын аурушаң анасы, «Менің жауы[illegible] тарауындағы Бірге оқыған Батырханұлы [illegible] менің жек көруім үстіндегі киімінің [illegible] Аяғындағы менде жоқ бужыр табан[illegible] үшін». Сабаққа келгенде түк сөзбе[illegible] ауқатты жерден шыққаны, елде жоқ [illegible] жүруі, бұршақтың үстінде тұрған жа[illegible] арбамен өтіп бара жатып алмай кет[illegible] кедей шаруаның баласы үшін үлкен қа[illegible] деп білмейтін Жанбосындардың шал[illegible] халықтың әлеуметтік тұрмысының көрі[illegible]

«Арам сорпа» тарауында Смағұл [illegible] келген сорпаның үстінен түскен көрші[illegible] ішкенмен, «Қалыптары құрсын. Застап[illegible] сорпасын әкеп ішіп, жан сақтап отыр[illegible] құрсын» деп кететіні жаман. «Менің [illegible]



тарауындағы оқуға киіп баратын аяқ киімі жоқ жалаң аяқ баланың күйі былай сипатталған: «Жарақат бәтеңкені әкем төңкеріп олай қарады, былай қарады. Емдеудің еш ретін таба алмады. Жамап-жасқаудың неше түрін ол бұған дейін бастан кешіп үлгерген. Біз шаншатын жері қалмаған. Ғұмырың біткен екен деді де, әкем әлгі бәтеңкелерді қораның арт жағындағы күресінге лақтырып тастады» [3, 503]. Осыдан кейін көршілерден табылған қонышы жоқ үлкен пимаға автомобил доңғелегінің резеңкесінен табан жасап бір қыс бойы киіп шығуы, мектептен келгенде жейтін бір уыс бидай болмағанда председатель Жәкібай үйін торуы, аурушаң анасының үйдегі кітап бетіндей айнаны ауыл совет председателі Батырқанның үйіне бір табақ ұнға айырбастауы – олардың тұрмыс-тіршілігінің көрініс болса, сол айнаны тазалық секторының анасына «Майра қарап жүрер» деп апарып беруі жақсы оқитын бала үшін оңай шаруа емес. Майраның алдында кірерге тесік таппауы – қу тамақтың қамы.

«Здрасти, нәшәндік!» тарауында колхоз адамдарының аштыққа ұрынғаны, аш-арықты тойындыру үшін Жантай мен Боқшабайдың қалмақтан жылқы ұрлағаны туралы сөз болады. Жас кездерінде барымта, қарымтада алдына жан салмаған, жортуыл десе көздері жайнап шыға келетін батырлар бүгінде тұғырынан тайып қартайған. Кейіпкерлерін автор былай таныстырады: «Жантай сұңғақ бойлы, еңкіш. Кішірек қыр мұрынды, сұрша көсе кісі. Бір жамбасынан ақсап басады». Свет өкіметі үшін талай бандалармен шайқасқан батырдың бір айқаста мықын сүйегіне банданың оғы тиіп, содан ақсап қалған.

«Боқшабай күдіс жонды, бурыл сақалды, еңгезердей зор адам. Алпамса денесі селкілдеп, күрк-күрк жөтеліп отырады. Онысы бұрыннан бар көкжөтел. Боқшабайдың қолының үлкендігі ағаш күректің басындай, әр

саусағының жуандығы кетпеннің сабындай. Біздің ауылдағы ең зор адам осы еді»,-деп суреттейді [3,513]. Кейіпкерлердің портретінен оқырман оларды жақынырақ тани түседі. Аты аңызға айналған Бокшабайдың күрең аты туралы да әңгіме жетерлік. «Ат – ер қанаты» болса, батырдың аты да өзіне сай болатыны батырлар жырынан белгілі. Сол сияқты күрең ат иесімен бірге талай жортуылды, айқасты көрген әккі тарлан екенін мына үзінді растайды: «Алдына түскен малға иесі емес, күрең ат ие дейді білетіндер. Қос құлағын жымқырып, тістелеп, ауылға қарай қуалап айдап алады. Қашаған түгіл, одан бетер безеген мал болса да күрең ат құтқармайды.

Қауіп төнген жағдайда Боқшабай жат деп белгі берсе, күрең ат жата қалады екен. Тұр дегенде, атып тұрады. Мылтықтың оқыс атылуынан, сойылдасудан, айқай-шудан үркіп-қорқуды білмейді.

Жортуылға шыққанда Боқшабай өзінен гөрі күрең атқа көбірек сенеді екен» [3,515].

Мал да иесіне тарта туатын болса, кеңес өкіметі орнағанға дейін бұл батырлар ауыл үйді түгел асырағаны белгілі. Шекара сызылып, өрістері тарылып, қолдарындағы малынан айырылып, артельге кіріп аштыққа ұрынған ауыл адамдарына қалмақтан жылқы айдап келіп, таң атқанша бар жылқыны сойып, жіліктеп алғанмен, таң ата шекарашылар үйме үй жүріп, шикі ет пен піскен еттің бірін қалдырмай жиып алып кетуі, Смағұлдың пысықтығымен Ыдырыстың үйі босанғалы жатқан әйелінің астына жылы жұмсақты тығып алып қалуы, Боқшабай, Жантай бастаған, Ыдырыс, Смағұлмен бірге ауылдың бар еркегін шекарашылар айдап алып кетуі, олардан енді ұрлық жасамауға қолқат алып ертеңіне үйлеріне қайтаруы – боямасыз өмір көрінісі. «Жылауық Тұрдыбек» тарауындағы жаңа туған нәресте Тұрдыбектің аштықтан көгеріп, талықсып жылай беруі, аш нәрестенің



қара суға қанағаттанбауы, аш анадан сүт шықпай қиналуы – өмірден алынған шындық қана емес, ел басынан өткен қасіретті жылдардың көрінісі.

Кейіпкер бейнесін толықтыратын әдістің бірі – қарама-қарсы кейіпкерлердің болмыс-бітімін шынай бейнелеу болса, «Менің салақ жеңгем» тарауындағы Смағұлдың олақ та, салақ, үсті-басын бит басқан келіншегі Бибіжамал мен Сатылғанның бұрынғы келіншегі Әлиман – бір-бірін толықтыратын кейіпкерлер. Қазан-ошақ күйесінің жартысын қолына жұқтырып, онымен құлағын қасып қарала құлақ болып жүретін Бибіжамал қанша салақ болса, Әлиман оған қарама-қарсы өте таза, пысық жан. Оны жазушы былай суреттейді. «Қайран, Әлиман жеңгем! Үй ішін дәл сендей ретті, таза ұстайтын адам бар ма екен? Осындағы кез келген заттан, төсектің, жүктің жиналуынан сенің өнерлі, бипаз қолыңды ап-анық танимын» [3,633].

Балалар қаламгері М.Әлімбаев Бердібек туралы былай дейді: «Балалар әдебиетінің классигі Бердібек Сокпақбаев саясаттан сая іздемей, идеологияны ықтамай өтті. Өз шығармашылығында өз тенденциясын берік ұстанып, сонысынан айнымай ақиқатшылдықты Темірқазық тұтты» [2,68]. Қаламгердің пікірін жазушының кез келген шығармасынан көруге болады. Мәселен, ауыл үйдің піскен қазанын аңдып жүретін ұста Өкембай, нағыз большевик Көпекбай ұлы Жүнісбай, жауыз Жанбосын, аттары аңызға айналған Жантай мен Боқшабай батырлар, Ыдырыс, Смағұл, Сатылған, Тұрдыбек, өгей шеше Күміс, Бибіжамал, Әлиман, Күлімбалалар – еш боямасыз өмірден алынған шынайы кейіпкерлер. Повестке кейіпкердің есінде қалған бала күнгі оқиғалардан бастап, жетінші сыныпты бітіргенге дейінгі кезеңі арқау болған. Отызыншы жылдардағы артель, колхоз шаруашылығы, қазақтың қолындағы малынан айырылып, аштықпен күн

өткізгені Ыдырыстың отбасы төңірегінде баяндалған. Бекеннің көрген-білгендері, басынан кешкен қилы тағдыры бір баланың емес, өзімен замандас бір ұрпақтың тағдыр тауқыметінен хабар береді.

«Өлгендер қайтып келмейді» романының оқиғасы жетінші сынып оқушысы Ерден Мамырбаевтың басынан өткен соғыс жылдарындағы тылдағы ауыртпалықтан, соғыстан кейінгі ел өмірінің түзеле бастауынан хабар береді. Мінезінің бірбеткейлігінен, ойлаған шаруасын тындырмай қоймайтын қайсарлығынан, үнемі әділдік іздеп жүретін кейіпкеріміздің басынан өткен қилы тағдырымен шынайы бейнеленген оқиғалар еш күмән туғызбайды. Елде қалған аурушаң анасы мен жеңгесіне көмекші болмақ болып Қарағандыдан жүк поезымен қашқаны үшін бір жыл Сібір қапасының бар қиыншылығын, кеңес сотының бар ауыртпалығын көрген жеткіншектің кейінгі өмірі де оңай болмаған. Оның оқуға түсуі, еңбек жолын оңтүстіктің бір қиырындағы мектептен бастауы, аудан мен мектептегі тамыры тереңге кеткен сыбайлас-жемқорлық, рушылдық кейіпкер төңірегіндегі оқиғалармен нанымды бейнеленген. Осы ойымызды жазушының шығармашылығы жөніндегі академик С.Қирабаевтың: «Бердібек Соқпақбаев – қазақ әдебиетінде өзіндік өрнегімен, шындықты қарапайым әңгімелеу арқылы мөлдіретіп, көз алдыңа жайып салатын, кейіпкерлерді даралау мен психологиялық бейнелеудің де өзгеше бір жолын тапқан талантты жазушыларымыздың бірі еді», – деген пікірі растайды [4,409].

№1 ФЗО мектебіне бара жатқан жолдастарына жазушы Еркін Мамырбаев былай мінездеме береді: «Нұрымбай орта бойлы, қара торы, бет сүйегі шығыңқы, пысық. Ептеген жылпостығы бар.

Ілияс сұңғақ бойлы, танауы жалпиған, момындау сары бала. Бір сөзді. Нені де болса, төбесінен тоқ еткізіп тура



айтады. Іш қатпары аз, пәлендей қулық-сұмдық бүкпесі болмайды.

Үшеуміз тірі болсақ, бір төбедеміз, өлсек бір шұңқырдамыз деп келе жатырмыз» [3,56].

Еркіннің жеңгесін мектептен шығарып жібергенін естіген соң досы Іляспен бірге ФЗО-дан қашып КПЗ-ға түсуі, түрмедегі украиндық Александр Заславскийдің қамқорлығы, Еркіннің қолғап тоғып, от жағып кошегар болып жүріп досы Сашаға паек тасуы, оның көктемге іліге алмай көз жұмуы – сол тұстағы өмір шындығының бір қатпары.

Бір жыл тарқапаста болған Еркін елге келген соң кеншілермен бірге алтын қазуға шығады. Дүйсен Дауылбаев – Сәрсебекпен бірге оқыған, Қаныша екеуінің қалай үйленгеніне куә болған досы. Дүйсеннің көмегімен Еркін кеншілердің қатарынан босатылып, атпен ағаш тасуға бөлінеді, олардың ақшасы әлде қайда жоғары еді. «Жалғыздың жары – құдай» дегендей, Еркінге осындай қиын сәттерде Алланың өзі көмек беріп, бір демеушіні жіберіп отырады.

Шығарманың басынан аяғына дейін тартылған бір желі – Еркіннің алғашқы махаббаты Ғалияға деген ғашықтық сезім. Жеңгесі Қанышаға ере келген құдашаға деген сезім оны Сібірдегі КПЗ-дан аман алып келгенде, оның апасына: «апа, үйге бір қайыршы бала кіріп кетті» деп тірідей өлтіргені бар. Ғалияның бір ауыз сөзден сол кездегі Еркіннің жағдайын толық көруге болады. Соғыс біткен соң Ғалияның «сұлулар галереясы» атанған ЖенПИ-де, күйеуінің мал дәрігерлік институтында оқуы, Еркіннің Ғалияның үйіне барып, күйеуі екеуінің тіршілігін көзбен көруі, кейін інісі Қалимен бірге Шіліктіде жалғыз тұратын сүйгенін іздеп баруы бала күнгі алғашқы сезімнің өміршеңдігі ретінде суреттелген.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы елдің [illegible] тұрмысын бұқара халықтың ішер тамақ, киер ки[illegible] болған мүшкіл халінен көрсек, жекелеген кейіпк[illegible] өмірі оларға қарама-қарсы контрасты бейн[illegible] Жазушының «Соғыс біреуге соғыс болса, біреу[illegible] Нұрәлі, Жүністер үшін ырыс» дегеніндей, бұ[illegible] басқарма Нұрәлі мен бухгалтер Жүніске, [illegible] Сегізбайға ырыс болды. Нұрәлі колхоздың [illegible] келіншектерімен әуейі болып, қыздай алған жар[illegible] талма ауруына ұшырап, бетінің қызылы бар Зейн[illegible] завхоз етіп қасына ертіп алып, екеуі ерлі-зайып[illegible] өмір сүріп, бүкіл ауылдың тапқанын ішіп-жеді. Он[illegible] мысалы – Ерден қапастан босап келе [illegible] көкбазардан бір мүгедектің қолынан қара порт[illegible] жуан қарнын қабыстырып сатып алған былғары [illegible] пальтосы болса, екіншісі – ел тамағын әрең тауып [illegible] соғыс жылдарында ауылдың бас жағындағы дөнес[illegible] төрт бөлме етіп шатырлап жаңа үй тұрғызуы.

Сол кездегі ел ішіндегі жағдайды жазушы [illegible] суреттейді: «Қойшыларға қонақтай жүріп мен[illegible] байқағаным, көпшілік қойшылардың өздері [illegible] болғанмен әйелдері жас. Беттерінен нұры тамып, [illegible] тұр. Қаба сақал қойшының әйелі деуден гөрі бойж[illegible] қызы десең, сол лайық.

Бұл да соғыстың істегені. Шалдардың бала[illegible] әкетіп, орнына алданыш етіп жас қатын берген» [3,10[illegible]]

Сегізбайдың әйелі Жауқазын мен қызы Жібекті [illegible] шығарып, жиырма бестердегі жас тоқал Алтынды [illegible] оның асқынғандығын көрсетсе, «Көп асқанға [illegible] тосқанның» бар екенін Нұрәлінің Тұйықтан [illegible] жегендері әшкере болып, үстінен түскен домалақ арыз[illegible] тексере келген комиссияның шешімімен, колхоз [illegible] талан-таражға салғаны үшін алты жылға сотталғаны[illegible] көреміз.



Романдағы қазақ әдебиетіндегі қырқыншы жылғы келіншектердің жиынтық бейнесі – Қанышa. Басқарма Нұрәлінің қол жүгірткеніне қарсы болғаны үшін мектептегі жұмысынан айрылып, ел басына күн туған ауыр күндерде колхоздың қара жұмысына жегілді. Жазушы Қанышаның алғаш келін болып түскен кездегі келбеті мен колхозда жүрген кездегі жағдайын қарама-қарсы суреттеу арқылы, әйелдің қырық жаны бар екеніне назар аударған. Нұрәлі сотталған соң, колхоздың бар ауыртпалығы мен қиыншылығына төзген Қаныша аудан секретары Ахметовтен жұмыс сұрап барып, әділ басшының арқасында мектепке қайта орналасады. Сәрсебек кебін емес, кебенек киіп кетіп еді ғой деп, енесі өмірден өткенше оны бағып-қақты, Ерікті жоғары оқуға оқытты. Енесінің қазасының үстінде Ерікке: «Еңкейген, етегіне сүрінген кәрі емеспін. Өз жанымды өзім баға алатын шығармын. Менің бұдан былайғы өміріме сен енді ерік бер, қалқам» деген сөзінің астарында қаншама терең мағына жатыр еді.

Романның негізгі орталық кейіпкері – Еркін Мамырбаев. Оқиға бірінші жақтан Еркіннің атынан баяндалғандықтан, жазушының өз өмірін көруге болады. Кейіпкер бейнесін толықтыратын тәсілдің бірі – кейіпкердің өз сөзі. Оны Еркіннің мына сөзінен көруге болады: «Шіркін-ай, көзсіз батыр болып кететін де кездерім болады-ау менің. Ондайда ештеңеден тайсалуды білмеймін. Айтам деген сөзімді, кімге де болса, басы-көзің демей, айтып салам. Істеймін дегенімді істеймін. Жер қайысқан қалың қолға жалғыз өзім қарсы шабудан тайынбаймын» [3,231]. Осы мінезінен оның өмірі оңай болған жоқ. Жеңгесіне қамқор болам деп, колхоз басқармасы Нұрәлі қыр соңына түсіп, алғашында ФЗО-ға жіберді, ол жақтан бір жыл дегенде арып ашып құр сүлдерін сүйретіп елген жетті. Кеңшілерге барып

қосылған жерінен қайта алдырғанда, оған төзбей Сарыбелге мұғалім болып кетті. Жазушының әдебиетке поэзиямен келгенін оның алғашқы тырнақалдысы «Мен солдат» пен институттың қабырға газетіндегі «Достық», алғашқы жинағындағы «Маса» өлеңдері растайды. Мұғалімдер институтының бірінші курсын бітірген соң, төрт жылдық пединститутқа ауысқан Еркіннің басынан өткен оқиғалары оның болмыс-бітімін толықтырады. Декан Дәулетбаевтың айтқан сөздерін қайталап оны келемеждеуінен артистік қабілетін көрсек, құдашасы Ғалияның қыр соңынан қалмауы – алғашқы махаббатқа деген адалдық. Павлодар облысындағы тың және тыңайған жерді тигерушілер туралы «Тыңға сапар» очеркі – Еркіннің Жазушылар одағының мүшесі ретінде барған іссапарынан жазылған дүние.

Мәншүк Мәметова атындағы қыздар педучилищесіне жетінші класты бітірген қыздар түседі. Еркін практикада жүріп үшінші курс студенті Зағипаға психологиялық мінездеме жазатын болады. Педагогикалық институттың практиканттары өздеріне бекітілген бір қызды жатпай-тұрмай зерттеп, оған психологиялық мінездеме жазуға міндетті. Болашақ өмірлік жарымен осылай танысқан ол павлодарлық Зағипаны диплом алған бойда ауылға алып қалады. Бір жыл Зағипа мен Қаныша ауыл мектебінде мұғалім болып, Еркін оқуын бітірген соң жолдамамен оңтүстіктің бір ауданына жұмысқа жіберіледі. Алматы облысынан бола тұра, тік мінезінен оңтүстіктің бір қиырына екеуі қол ұстасып кете барды. Жас мамандарды ол жақта құшақ жайып қарсы алған ешкім жоқ. Оңтүстіктегі тамыры тереңдеп кеткен рушылдықпен күресіп оларға да сыймады. Қалаға келгенде ұстазы Қ.Жұмалиевтің көмегімен баспаға орналасуы, Ақтақаштың «пәтер алып беремін» деп шақыруымен



киностудияға редактор болуы – Бердібектің өз өмірінің көркем суреттері.

Еркіннің кинематографиямен істес болуы – атақты кинорежиссер Сергей Эйзенштейн Алматы маңында «Иван Грозный» кинофильмін түсіріп жүргенде, әскер қатарына алынған жауынгердің салқын жерге етпетінен жатып ұйықтап кетіп, қос өкпесіне суық тиіп госпитальға түсуі болатын. Оңтүстікте жүріп білім саласындағы рушылдықтан зардап шеккен Еркін Қазақ ССР кинематография министрлігіндегі сыбайластықтың тереңдеп кеткенін аудармашылардың арасындағы нантабар халтурщиктерден көрді. Мұнда Еркіннің жұмысын министр Жақыповтың өзі қадағалайды. Бірақ бұл салада ұзақ жүре алмай, «Қазақ әдебиеті» газетіне қайтып келуі – Бердібектің өз өмірі.

«Қайдасың, Гауһар?» повесі «Соғыс кезі. 1943 жыл. Іске татыр естияр еркек кіндіктінің бәрі дерлік армияда. Ауылда қатын-қалаш, шал-шабыр, ауру-сырқаулар қалған» деп басталады. Алматыдан үш жүз шақырым қашықта жатқан «Н» ауданы – Нарынқол, қазіргі Райымбек ауданы екені белгілі. Повестің оқиғасы хронология жағынан алып қарағанда Еркіннің Сарыбелде мұғалім болып жүрген уақытына тура келеді. Мектептің жолдамасымен бір айлық білімін жетілдіру курсына келген Жәнібек пен Жақанның Алматыда өткізген бір айындағы оқиғалар негіз болған. Жәнібектің Пастер көшесінде танысқан Гауһарға деген махаббаты арқау болған шығармада Жақан, Шолпан сияқты жанама кейіпкерлер бар. Шығармада соғыс жылдарындағы қаладағы жастардың тіршілігі суреттелген. Гауһар Жәнібектің өзіне деген махаббатының құрбаны болып, соны анасынан жасыру үшін майданға аттанса, Жәнібек екі жыл әскер қатарында болды. Бірақ олар содан кейін кездескен емес. Гауһардан жағдайын түсіндірген соңғы

хат келіп, Алматыға жүргелі отырғанда майдандағы Хасен ағайының қазасын естіртіп ауылдың бір топ шалы келе қалды. Гауһар үшін университеттің қасынан тоғыз кластық білімі барларға арналған алты айлық даярлық курс ашылғанын газеттегі хабарландырудан оқып, қалаға оқуға кетпек болғанда, ағасының қазасынан кейін ағасының жетім балалары мен аурушаң анасын, қаралы жеңгесін тастап кете алмай қалуы шындыққа саяды.

«Дала жұлдызы» – Шоқан Уалиханов туралы балаларға арналған туынды. Шығарманың оқиғасы 1835 жылы Мұхаммедқанапияның (Шоқан) өмірге келген сәтінен басталады. Мұхаммедқанапияны Айғаным мен Зейнеп көрпеге орап, шоқитып қастарына отырғызып қоятын. «Шоқиған Шоқаным, Шоқанжаным, серігім» деп жүріп, бала Шоқан атанып, азан шақырып қойған аты ұмытыла бастады. Жазушы Шоқанды былай таныстырады: «Шоқан жас кезінде дені сау, қағілез бала болды. Бір жасқа толмастан жүріп кетті. Үш-төрт жасқа келгенде ауыл балаларымен бірге лақ, қозы қуып, бұзау қайыруға жарап қалды», – дей келіп, оның да өзге балалар секілді малға жақын өскенін есімізге салады. 1846 жылы Зейнеп бәйбішенің екі пәуескені қоңыраулатып, оннан он бірге аяқ басқан Шоқанды Баянауылдағы нағашысы Мұса Шормановпен таныстыруға шыққаны, қос ат жегілген жеңіл трашпенкемен Омбыдағы 1813 жылы қазақ-орыс балаларын оқытуға арнап ашылған әскери училищеде білім алғаны, Петербургте екі жылдай болып Чернышевский, Потаниндермен араласқаны, Черняев армиясынан бас тартуы, 1865 жылы 25 майда Тезек төре ауылындағы Көшен-тоған деген жерде (қазіргі Жетісу облысы, 28 гвардияшылар ауданы) дүние салғаны, денесі ата-анасы жатқан Көшен зиратына жерленуі хронология бойынша баяндалған.



Балаларға арналған «Аяжан» повесінің негізгі кейіпкерлері – бастауыш сынып оқушылары. Шығарма жекелеген тарауларға бөлініп, әр тарауға ат қойылған. Шығарма (Алматы мен Н. ауданынның арасына қатынайтын кешкі автобус Жамбыл колхозына келіп тоқтады) деп басталады. Н. өзге шығармалардағыдай Нарынқол ауданы екені дау туғызбайды. Жолаушы автобусымен Сарыбай ұстаның үйіне келе жатқан жеті-сегіз жасар қыз – Аяжан еді. Аяжанды өзінен бір жас үлкен жалаң аяқ Ораз іздеген үйіне жеткізіп, зілдей қызыл чемоданмен алып келген алмасынан дәм татады. Қалада өскен қыз үшін ауылдың бар тіршілігі қызықты да, үрейлі екендігі нанымды бейнеленген. Сүтті сиырдан сауып алу, адамды қуатын қаз, сүзетін қошақан, аспандағы жымыңдаған жұлдыздар, Ораздың қолымен жасалған ракета, тауық, бегемот, өгіз, жираф мүсіндері – бәрі де қызық еді. Қала қызы үшін ауыл тіршілігінің бәрі құпия, қызық, сондықтан да оның сауалдары таусылмайды. Тіпті ауыл шаруашылығына арналған тракторлардың бір-біріне ұқсамайтындығы, ауыл балаларының шекарашылар ойыны да Аяжанға қызық болатындығы, ол қаладан бұлардың бірін де көрген емес. Аяжанның далада суықта қалып екі құлағы естімей қалған Ораздың анасы Күлишаға қаладағы әкесіне хат жазып дәрі алдырып беруі, оның құлағының естуі – үлкен мейірімнің көрінісі.

Балаларға арналған келесі шығарма – «Жекпе-жек» повесі. Мұрат – он үш құрсақ көтерген Ұлжан шешей мен Батырбай қарттың сүт кенжесі, одан он екі жас үлкен Әбдібақас соғыс басталысымен майданға сұранып кетіп, сонда мерт болған. Ауылдың іргесіндегі шекарашылардың ат ойынын қызықтап жүргенде жаңбыр төпеп кетіп, жаңбырдың астында қалып өкпесіне суық тиген әлжуаз Мұрат мұрттай ұшып, сорпа-су ем болмай ауруханадан бір-ақ шығады. Осы кезде төрт жылға созылған соғыс

бітіп, ел мәре-сәре күй кешеді. Соғыс аяқталған соң, заставадағы балаларға үлгі болып жүрген старшина Николай Трофимович мектепке физкультура мен орыс тілінен сабақ беруге келеді. Оқу жылы басталған соң, алтыншы сыныпта оқитын Мұраттар физкультура алаңын ұстаздарымен бірлесе жүріп кеңейтеді. «Қызылшекара» тұрғындары үшін санаулы серкелердің бірі саналатын мектеп директоры Тоқмолда Егімбаевтың рұқсатынсыз Николай Трофимович балалардың күшімен жаттығу алаңын жасап алады. Екі кейіпкердің болмысын мына диалогтан байқауға болады:

– «Бұның өзі әдейі өрмелеп шығу үшін орнатылған саты емес пе?

– Қалқам-ау, сен балаларды солдат қып ойнатқың келе ме? Осы пәлелердің біздің мектеп үшін не қажеті бар?

– Қажеті сол – балаларды спортқа тәрбиелейміз. Ал спорттың өмірде қаншалық зор маңызы бар екенін, оны директор жолдас, сіз менен гөрі өзіңіз жақсы білесіз» [3,928].

Дене шынықтыру пәні бұған дейін пән санатына қосылмағанын алғашқы сабақтан балалардың кетіп қалғанынан көреміз. Пән мұғалімінің үйге кетіп қалған балаларды түгел қайта жинап алып, дене шынықтыру сабағын өтуі, қыстың күні отын тұрған қораны спорт зал етіп, ішіне пеш орнатуы – оның өз ісіне адалдығы, пәніне деген жауапкершілігі. Сабақ қызықты өте бастаған соң, дене шынықтыру сабағынан қашып жүретіндер енді сабаққа жауапкершілікпен қарай бастайды. Балаларға ең қызық болғаны – ағайларының аты аңызға айналған Қажымұқан туралы әңгімелері. Алғашында спорт секциясына жиырма шақты ер бала қатысса, енді олардың әрқайсысы бірнеше секцияға жазылғысы келуі – спортқа деген құмарлығы еді. Жеңіл атлетикамен үздіксіз



айналысқанның арқасында аурушаң Мұрат қатарға іліге бастады. Алғашында қораш көрінген бала, білмегенін ынталанып, қадалып, бүге-шігесіне дейін қалдырмастан сұрай жүріп ұстазына «Осы өзі тегін бала емес!» деген ой туғызды.

Садық пен Шәкірдің бокс секциясында жүруі, Мұраттың жеңіл атлетикада жүруі оның намысына тисе, бүкіл ауыл балалары спортқа көңіл бөліп, жаттықтырушының беделі асқақтай түсті. Бұл мектеп директорына ұнамай оның алдынан түрлі кедергі жасап, аудандағы білім басқармасы Көккөзевке шағынса да дипломы бар ұстазға ештеңе істей алмады. 1945-1946 оқу жылының соңында мектеп оқушылары арасында спорттан турнир өтетіні алдын-ала хабарланып, бүкіл ата-аналар өз балаларының өнерін тамашалауға келді. Жеңіл атлетикадан мектеп чемпионы – жетінші класс оқушысы Жақан Текесбаев болса, алтыншы класс бойынша Мұрат чемпион болды. Осылайша волейбол, қазақша күрес, гимнастика, бокс секцияларының жеңімпаздары анықталды. Бокстан Садықпен бокстасатын Сүлеймен келмей қалып, оның орнына Мұрат шығады. Үшінші раундтың соңында Мұраттың аяғы тайып кетіп нокаудқа түседі. Келесі күні тақтаға Садық екеуінің осы шайқасының суретін салып Мұратты мазақтағанына намыстанған Мұрат оны жекпе-жекке шақырғанмен бокс секциясында болмағандықтан екінші рет жеңіледі.

Жаңа оқу жылында Көккөзов Николайды орнынан босатқанда, ол отбасымен Алматыға кетіп сонда орналасқан. Ауыл балалары ұстаздарынан алған білімін өз беттерінше жалғастырып, спорттан қол үзбеді. Дене шынықтыру пәнінен сабақ беретін болып келген Байқұлақ балаларға соғыс оқуын үйреткен болғанмен, балалар оның деңгейін білді. Мектепті бітірген Мұрат Алматы физкультура техникумына түсіп, Николай Трофимовичтің

пәтерінде бірге тұрып жаттығуын жалғастырады. 1954 жылы студент жастар арасындағы дүниежүзілік чемпионатқа бокстан москвалық ауыр салмақты Николаев, бакулық жартылай орта салмақты Алиоглы, қазақстандық аса жеңіл салмақты Мұрат Батырбаев жолдама алады. СССР құрамасымен барған Мұрат Батырбаев рингке АҚШ-тың боксшысы Питер Сандересспен шығып оны жойқын соққымен ес жиғызбай шалқасынан түсіріп чемпион болып, Совет Одағының мемлекеттік гимні ойналады.

Повестке соғыстан кейінгі жылдары әскерден босап ауыл мектептеріне дене шынықтырушы болып келген Николай Трофимовичті қазақтар сыбайлас жемқорлықпен сыйғызбағаны, оның орнына алты кластық білімі бар ефрейтор Баққұлақ Айманбеков келіп сауатсыздығымен спорт секцияларын жабуы Мұрат сынды спортқа құмар жігерлі жастардың арман-мақсаттарын сөндіре алмады. Өзінің қайсарлығының, еңбекқорлығының арқасында Мұраттың әлем чемпионы болуына бірден-бір себепкер – жаттықтырушысы Николай Трофимович. Жазушы шалғайдағы ауыл балаларын тәрбиелесе осындай чемпиондардың шығатынына оқырманын сендірген.

Елуінші жылдары балаларға арналған республикалық «Қазақстан пионері» газеті мен «Пионер» журналында жұмыс істегендіктен, жазушы әңгімелерінің барлығы дерлік балаларға арналған. Әңгімелерінің негізгі кейіпкерлері – мектеп жасына жетпеген бүлдіршіндер мен мектеп оқушылары. «Жол» (1952) әңгімесіндегі жылқышы әкесі Бәзілге сұрақ қойғыш Балғынның ауылындағы жолды Москваға апарады деп сенуі, «Ана жүрегі» (1960) әңгімесіндегі баласы Мәмбет соғыста жүргенде аурушаң Сережеға қамқор болған ананың мейірімі, соғыстан кейін ержеткен Сережаның үйленуі арқау болған. Әке мен шешеден айырылған жетім балаға, баласынан айырылған



ананың қамқор болуы, екі әулеттен қалған екі жанның ұлтына да, нәсіліне де қарамай бірі ана, бірі бала болуы – соғыстың салған зардабы ретінде суреттелген. «Саша» (1954) – Павлодарға барған іссапарында жазылған әңгіме. Әңгіме Ресейден тыңға келген жас отбасының әкесін іздеген Саша деген баласының қылығы туралы. «Колхоздан келген қонақ» (1957) әңгімесіндегі ауылдан келген Есілдің Зинаны іздеп балабақшаға келуі, әжесінің оны іздеп таппай жүруі негіз болса, «Боранда» (1952-1961) әңгімесіндегі шаңғы жарысына әзірленіп жүрген «Бірінші Май» сегізжылдық мектебінің оқушылары, «Жасырынбақ» (1954) ойнаған Әбдірахман, Тұрбек, Сыдық, Назым, «Шал мен бала» (1952) әңгімесіндегі кластасы Сашаның атасын трамвайдан сүйеп түсіріп үйіне дейін ертіп келетін Мәулен, «Компос» (1952) әңгімесіндегі Қанаттың компосын суға лақтыратын Бодан, «Балапан торғай» әңгімесіндегі рогаткамен торғай атқыш Жантас, балапан торғайға қамқор болған Қожа, «Хат» (1956) әңгімесіндегі машина қағып аяғы сынып ауруханаға түсетін Қали мен оны күтіп қалған кластасы Шолпан, «Гүлбаршын» (1955) әңгімесіндегі мектеп бітіріп қалаған оқу орнына түсетін Гүлбаршынның қызы Клара, «Ұйқы келтіретін дәрі» (1957) әңгімесіндегі ұйқы келтіретін дәрі ішіп алып, қалай ұйықтап қалғанын білмейтін кішкентай Ержан, «Қой өңгерген» (1969) әңгімесінедегі жетінші сынып оқушысы Шәкір – бәрі де мектеп жасындағы кішкентай кейіпкерлер.

«Ағаштар неге ашуланды?» (1958) ертегісіне жалқау Алмабектің ормандағы еменнен сөз естіген соң, өзі отырғызған ағаштарына су құюы, «Аяқталмаған мәжіліс» ертегісіндегі сөйлем мүшелерінің өзара айтысы арқау болған. Аталған шағын әңгімелер мен әдеби ертегілерге кішкентай бүлдіршіндердің болмыс-бітімі, олардың аңғалдығы, нанғыштығы нанымды суреттелген. Балалар

өмірінен алынған оқиғалар кішкентай оқырмандарын өздеріне таныс оқиғалармен баурайтыны дау туғызбайды. «Балалар бағының бағбандары» атты анықтамалықтың «Оқырманға айтар сөз» деп аталатын алғы сөзінде құрастырушы Ш.Күмісбайұлы: «Ойлап қарасақ, балаларға қалам тербеген жазушы – жұмбағы мол әлем. Ол бала болып сөйлеп, өмірді балаша пайымдап, нешебір карадомалақ балалар мінезін өмірге әкеледі. Бұл – қиынның қиыны», – деген екен [2,3]. Қаламгер айтса айтқандай, Бердібек Соқпақбаев шығармаларының дені балаларға арналған. Ол өзінің басынан өткен оқиғаларға жан бітіру арқылы XX ғасырдағы қазақ даласындағы ең бір ауыр кезеңдерден сыр шерткен. Бала көзімен қарап, бала ойымен танып, бала сөзімен сөйлеген жазушы ұлттық әдебиеттегі ең қиын жанрды шебер игерді. Оның балаларға арналған туындылары өскелең ұрпақты патриоттық рухта, қайсарлыққа, өжеттікке тәрбиелеуде, еңбекке баулуда үлкен міндет атқаратыны белгілі.

Қорыта айтқанда, жазушының «Өлгендер қайтып келмейді» романы, «Қайдасың, Гауһар?», «Балалық шаққа саяхат», «Менің атым – Қожа», «Дала жұлдыздары», «Аяжан», «Жекпе-жек» повестері мен «Жол», «Ана жүрегі», «Саша», «Колхоздан келген қонақ», «Боранда», «Жасырынбақ», «Шал мен бала», «Компас», «Балапан торғай», «Хат», «Гүлбаршын», «Ұйқы келтіретін дәрі», «Ағаштар неге ашуланды?», «Аяқталмаған мәжіліс», «Қой өңгерген» әңгімелерінде XX ғасырдағы қазақ өмірінің түрлі ортадағы шынайы оқиғалары нанымды бейнеленген. Жазушы кейіпкерлері – өмірден алынған өзімізге таныс, бейтаныс жандар болса, оқиғалар шынайылығымен баурайды. Аталған туындылардың барлығына жазушының өзі куә болған оқиғалар арқау болғандықтан, олардың бас кейіпкері – жазушының өзі Бердібек Соқпақбаев. Оны шығармалардың бірін-бірі толықтырып,



біріне бірі жалғасып тұрғанынан көреміз. Бас кейіпкерлердің аты-жөні түрліше кездескенмен, оларға ортақ өмір жолы – орталық кейіпкердің басынан өткен тағдыр тауқыметі.

**Пайдаланылған әдебиеттер**

1.Сегізбайұлы К. Бекең қойдан қоңыр азамат болатын (Жазушы Бердібек Соқпақбаев туралы). Кіт.: Қаламдастар, қарайластар (Әдеби пікірлер). – Көкшетау, 2021. – 500 б.

2.Соқпақбаев Б. «Жазып та көрдім...». Кіт.: Балалар бағының бағбандары. Анықтамалық. Құрастырған Шәкен Күмісбайұлы. – Алматы: «Балалар әдебиеті» баспасы, 2008. – 300 б.

3.Соқпақбаев Б. Таңдамалы. Роман, хикаяттар, әңгімелер. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2018. – 1116 б.

4.Әлімбаев М. Берен талант Бердібек (Қазақтың көрнекті жазушысы Б.Соқпақбаевтың туғанына 70 жыл). Кіт.: Бердібек Соқпақбаев туралы естеліктер. – Алматы: «Білім», 2005. – 208 бет + 8 бет суреттер.

Қирабаев С. Бердібек Соқпақбаев. Кіт.: Өмір тағылымдары. Естеліктер. – Алматы: «Білім», 200.